С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.134-135

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗБЕТІМЕН ЖҰМЫСТАРЫНА БЕРІЛЕТІН ТАПСЫРМАЛАР ТУРАЛЫ

Жусанбаев С.Н.

Болон процессіне ресми кіргеннен кейін жоғары білімнің реформалануы, оқудың кредиттік технология жүйесін енгізді. Бұл кредиттік технологияның талабы бойынша оқудың негізгі салмағы оқушының өзбетімен жұмыс істеуіне ауысады. Өзбетімен жұмыстың нәтижелі болуы оның мазмұнының кешенді жоспарынан тәуелді және оқу процессінің ғылыми және қосымша әдебиеттермен қамтамасыз етілуіне байланысты. Сондықтан өзбетімен жұмысты пәннің оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету маңызды мәселеге айналады. «Методические рекомендации по разработке учебно-методических пособий и дисциплин» [2] деген Еуразия университетінде дайындалған көмекші құралда оқушының өзбетімен жұмысының анықтамасы мен түсінігі айқындалған және уақытының нормасы келтірілген. Соған сүйеніп бірталай оқу-әдістемелік кешендер мен силлабустарда өзбетімен орындалатын жұмыстарды қамтып, осы Балон процессіне лайықталып даярланды.

Дидактикалық тұрғыдан өзбетімен жұмыс бір жағынан оқу тапсырмасын орындау, яғни оқушы орындауға тиіс жұмыс, ал басқа жағынан ол дегеніміз творчестволық процесс, яғни зерденің жұмысының өзін көрсетуі, ойлау, оқу тапсырмасын орындағандағы қиялы мен елестетулері мұның өзі ақыр аяғында жаңа алдын-ала белгісіз мәндерді алуға немесе алынған мәндердің іс-әрекетінің шеңберін кеңейтуге алып келеді. Өзбетімен жұмыс істеудің мақсаты, студенттердің семестр бойы үзіліссіз оқып үйреніп, алған білімдерін бекітіп және оны ары қарай тереңдетіп келесі алатын сабақтарына қолдана білулерін қамтамасыз ету. Осыған байланысты силлабустарды, әсіресе оқу-әдістемелік кешендерді дайындағанда өзбетімен істелетін жұмыстарды барынша саралап көрсеткен жөн. Берілетін тапсырмалардың сандары мен күрделіліктерін барынша қадағалап, студенттің оқу-үлгірімін ескере отырып, құрастыған абзал.

Төменгі курстардың студенттерінің өзбетімен істейтін жұмыстарын қарастырғанда, олардың оқитын материалдарды аздаған түсінікпен ғана, көбінесе, жаттандылыққа бой алдыратынын көреміз. Лекторлар көп жағдайда өздерінің пәндерін оқығанда студенттердің сабақты қабылдау проблемаларына көңіл аудармайды және басқа пәндермен байланысы жағын да ашып көрсетпейді. Бұл байланыстарды бекітпеген студентердің білімінің жадында сақталуы нашарлайды. Әсіресе бұл математикада қауіпті, үйткені бұл пән кейінгі оқылатын пәндерге іргетас болып келеді. Өзбетімен істелетін жұмыстарға берілетін тапсырмалардың саны мен көлеміне, олардың

күрделілігіне, қанша уақыт жұмсалатындығына көп жағдайда
көңіл аударылмайды. Оқытушылар студенттердің уақыт бюджетін есептемей, неғұрлым көбірек берсем, соғырлым жақсы деп тапсырмаларды қаптатып бере береді. Барлық оқытушылар тапсырмаларды солай беретін болған соң, ондай жағдай студенттерді де тапсырманы формальді түрде орындауға итермелейді. Оқу тапсырмаларының көбісі студенттердің белсенділігін арттыруға емес, формальді түрде, өзі түсінбей, бірқатар іс- амалдар жасауға бағытталған. Соған байланысты студенттер өзбетімен орындалуға арналған тапсырмаларды белсенді, өзбетімен істеудің орнына, бар күш жігерін біреудің көмегімен, түсінбей, формальді түрде істеуге бағыттайды.

Студенттер өзбетімен жұмыстарын белсенді орындаулары үшін маңызды себеп болуы шарт. Ең маңызды себеп оның мамандығына дайындалу барысы болып келеді. Солардың ішіндегі бірнешеуін атап өтейік:

а) Істеліп отырған жұмыстың пайдалылығы. Егер лектор оқылатын пәннің қайдан шыққанын, негізгі аппаратын және қайда қолданылатынын, әсіресе оның мамандығына қай жағынан маңызды екені дұрыстап түсіндірсе, онда студенттің берілген тапсырманы орындауға деген ынтасы артады және істеген жұмысының сапасы көп жақсарады;

б) Білімдерін бақылау барысында оларды ынталандыратын факторларды қолдану. Бұл факторларға тестілеу, рейтингісін өзгертіп отыру, ынталандыру баллдары т.б. жатады. Уақытынан ерте тапсырылған жұмыс үшін жоғары баға қойып, кешеуілдеткен студентке баллын төмендету де студенттерді жұмысты ерте тапсыруға ынталандырады. Мұндай факторлар студенттердің арасында жарыс-бәсеке туындатады, сондықтан олардың өзін-өзі жетілдіруін арттырады;

в) Студенттердің өзбетімен жұмыс істеуге үйрету арқылы, өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі тәрбиелеуге баулу. Жеке тапсырманы әрбір студентке немесе топ студенттерінің бір бөлігіне де беру арқылы, творчестволық сөз–жарыс, тапсырманы саралау, олардың белсенділігін арттырады (тапсырманы орындаушылар презентация түрінде өткізген жағдайда);

г) Оқу процессінің, оның ішінде өз бетімен жұмыстың, маңыздылығын арттыратын факторлардың ең жоғары себепкері оқытушы болып келеді. Ол өзінің кәсіпкерлік қасиетімен, творчестволық көзқарасымен, кең ой-өрісімен студенттерге әсер етіп отыруы керек. Оқытушы енді тек сабақ беріп қоймай қалай оқу керек, білімді қалай алу керек, тапсырманы өзбетімен қалай орындау керек екенін де үйретеді. Оқытушы студенттің әртүрлі қырын ашып, оның барлық қабілетін, білімділігін арттыруға жұмсай біліп, оның тоқтаусыз өсіп отыруын қадағалағаны жөн;

д) Студентердің өзбетімен орындайтын жұмыстары негізгі әдебиеттер мен қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуді қамтиды, сондықтан бұл жерде оқытушының кеңес-көмегі қажет. Ол студентке әдебиеттермен терең ойлы жұмыс істеуді үйретуі керек, әсіресе оқулықтар мен оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешендерді дұрыс пайдалануды және ондағы материалдарды өз тапсырмаларын істеуге қоладана білуге үйрету абзал. Өзбетімен жұмысты дұрыс ұйымдастырудың негізгі мақсаты студентті өзін-өзі ұйымдастыру

арқылы өзбетімен жұмыс істеуге, сол арқылы білімін арттырып, алған білімін қолдана білуін және білімін үзбей жоғарылатып отыруға баулу.

Әдебиеттер тізімі

1. *ҚР жоғары білімінің мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты*. Бакалавр. Негізгі жағдайы.ҚР МЖББС 5.04.019-2011. Астана, 2011 ж.

2. Нурмамбетова Д.Н., Нефедова Л.В. *Методические рекомендации по разработке учебно-методических пособий и дисциплин*. –Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева-2011 г.

3. Жусанбаев С. *Студенттердің өзбетімен жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері.* «Математика, механика мен информатикалық теориялық және қолданбалы мәселелері» халықаралық ғылыми конференциясының материалдары - Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ. 12-14 маусым 2014 ж.